



Mi 10T Pro
Пайдаланушы нұсқаулығы



Дыбыс
батырмалары

Қорек
батырмасы

USB Type-C порты

Мi 10T Pro-ны таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз

Құрылғыны қосу үшін қорек батырмасын басыңыз да, ұстап тұрыңыз.

Құрылғыны баптау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін біздің ресми вебсайтымызға кіріңіз:

<https://www.mi.com/ru/service/support/userguide.html>

MIUI

Мi 10T Pro алдын ала орнатылған MIUI ОЖ – Android базасындағы біздің бапталатын ОЖ-мен жабдықталған. Ол жиі жаңартылады және қолайлы функциялардан тұрады, оны жасаған кезде бүкіл әлем бойынша 200 миллионнан астам белсенді пайдаланушының ұсыныстары ескерілген. Қосымша мәліметтер

SIM-карта салғыш:



Екі SIM-картаны қолдау туралы:

- Екі SIM-картаны қолдануды қолдау байланыс операторын таңдау бойынша шексіз. Бір SIM-картаны 5G қолдауымен немесе екі SIM-картаны 4G қолдауымен қолдану мүмкіндігі бар (1).
- Екі nano-SIM слотты қолдау. Негізгі SIM-карта ретінде кез келгенін орнатуға болады.
- 5G/4G+/4G/3G/2G бір SIM-картасын қолдау.
- 4G+/4G/3G/2G екі SIM-картасын қолдау.
- Екі SIM-картамен VoLTE HD қоңырауларын қолдау (2).

Ескертпе (1). 5G қолдайтыны жергілікті байланыс операторының желісіне байланысты болады.

5G қосқан кезде негізгі SIM-картада екінші карта қолжетімсіз болады.

Бағдарламалық жасақтаманың келесі жаңартылуы екі SIM-картаны қолданған жағдайда негізгі SIM-картада 5G және екінші картада 4G/3G/2G қолдануды қолдайтын болады.

Ескертпе (2). VoLTE қызметтерінің қолжетімдігі желінің таратылуына және жергілікті байланыс операторының қызметтеріне байланысты болады.

- Стандартты емес SIM-карталарды SIM-картаға арналған слотқа салмаңыз. Олар SIM-картаға арналған слотты зақымдауы мүмкін.
- ЕСКЕРТУ. Құрылғыны бөлшектемеңіз.

Электрлік және электрондық жабдық қалдықтары



Осы бұйымды қауіпсіз кәдеге жарату үшін айрықша сақтық шараларды сақтау қажет. Бұл таңба осы бұйымды ЕО аумағында басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтынын білдіреді.

Қалдықтарды тиісті түрде кәдеге жаратпау салдарынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтірмеу үшін және материалдық ресурстарды қауіпсіз қайта пайдалануға ықпал ету үшін құрылғыны жауапкершілікпен кәдеге жаратыңыз. Пайдаланылған құрылғыны қауіпсіз қайта өңдеу үшін оны электроника қабылдау орындарына немесе бастапқыда сатып алған бөлшек сауда дүкеніне тапсырыңыз.

Қоршаған ортаға қатысты декларациямен келесі сілтеме бойынша танысуға болады:
www.mi.com/en/about/environment

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АККУМУЛЯТОРДЫҢ ДҰРЫС ЕМЕС ТҮРІН ҚОЛДАНУ ЖАРЫЛЫСҚА АЛЫП КЕЛУІ МҮМКІН.
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ НҮСҚАУЛЫҚТАРҒА СӘЙКЕС КӘДЕГЕ ЖАРАТЫҢЫЗ.



Есту қабілетін зақымдап алмау үшін ұзақ уақыт бойы дауысын қатты шығарып тыңдамаған жөн.

Қауіпсіздік техникасы мен сақтық шаралары туралы қосымша ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: www.mi.com/en/certification

Қауіпсіздік техникасы туралы маңызды ақпарат

Құрылғыны қолдану алдында қауіпсіздік техникасы туралы барлық мәліметтермен танысып шығыңыз.

- Бөтен кабельдерді, қуат адаптерлерін немесе аккумуляторларды қолдану өртке, жарылысқа немесе басқа қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыңызға сәйкес келетін рұқсат етілген аксессуарларды ғана қолданыңыз.
- Құрылғының жұмыс температураларының ауқымы 0 °C – 40 °C құрайды. Телефонды осы температуралық ауқымнан тыс қолдану жағдайында құрылғы зақымдалуы мүмкін.
- Егер құрылғы кіріктірілген аккумулятормен жабдықталған болса, аккумуляторды немесе құрылғыны зақымдап алмау үшін оны өзіңіз ауыстырмаңыз.
- Құрылғыны тек өзімен бірге берілген немесе сәйкес келетін кабельмен және қуат адаптерімен ғана қуаттаңыз. Басқа адаптерлерді қолдану өрттің шығуына, электр тогының соғуына және құрылғы мен адаптердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Қуаттағаннан кейін адаптерді құрылғыдан ажыратып, оны розеткадан шығарып алыңыз. Құрылғыны 12 сағаттан артық қуаттамаңыз.
- Аккумуляторларды тұрмыстық қалдықтардан бөлек қайта өңдеу немесе кәдеге жарату қажет. Аккумуляторды дұрыс қолданбау өртке немесе жарылысқа алып келуі мүмкін. Құрылғыны, сондай-ақ оның аккумуляторы мен аксессуарларын кәдеге жарату немесе қайта өңдеу жергілікті заңдарға сәйкес орындалуы керек.
- Аккумуляторды бөлшектеуге, сындыруға, жаншуға және өртеуге тыйым салынады. Егер сіз аккумулятордың деформацияланғанын немесе зақымдалғанын байқасаңыз, қолдануды дереу тоқтатыңыз.
 - Аккумулятормен қысқа тұйықталу тізбегін жасауға тыйым салынады, өйткені ол қызып кетудің, күйіп қалудың немесе басқа жарақаттың себебіне айналуы мүмкін.

- Аккумуляторды қоршаған орта температурасы жоғары жерлерде қалдыруға тыйым салынады.
- Қатты қызғанда ол жарылып кетуі мүмкін.
- Аккумуляторды бөлшектеуге, сындыруға және жаншуға тыйым салынады, өйткені ол аккумулятор электrolитінің жылыстауына, қатты қызуына немесе жарылуына алып келуі мүмкін.
- Аккумуляторды жағуға тыйым салынады, өйткені салдарында өрт шығуы мүмкін
- Егер сіз аккумулятордың деформацияланғанын немесе зақымдалғанын байқасаңыз, қолдануды дереу тоқтатыңыз.
- Пайдаланушыға аккумуляторды жоюға немесе өзгертуге тыйым салынады. Аккумуляторды жоюмен немесе жөндеумен тек авторландырылған сервис орталығы ғана айналысуы тиіс.
- Құрылғыны суламаңыз.
- Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге тырыспаңыз. Егер құрылғының қандай да бір компоненті тиісті түрде жұмыс істемесе, Мi клиенттерді қолдау қызметіне немесе авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Басқа құрылғыларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарына сәйкес қосыңыз. Бұл телефонға онымен үйлеспейтін құрылғыларды қоспаңыз.
- Айнаымалы тоқ адаптерлерін қолдану кезінде ашалық розетканы жабдықтың жанына орналастырып, оған еркін қатынауды қамтамасыз ету қажет.



Сақтық шаралары

- Белгілі бір жағдайлар мен орындарда ұялы телефондарды қолдануды шектейтін қолданыстағы заңнама мен ережелердің талаптарымен танысыңыз.
- Телефонды жанармай құю станцияларында, ықтимал жарылыс қаупі бар ортада, соның ішінде жанармай құю алаңдарында, кемелердегі жабық бөлмелерде, жанармай немесе химиялық заттарға арналған қоймаларда немесе оларды тасымалдауға арналған көлік құралдарында, ауада химиялық заттар немесе құмның, шаңның немесе металл ұнтақтарының ұсақ бөлшектері көп мөлшерде шоғырланған жерлерде қолданбаңыз. Сымсыз құрылғыларды (телефонды немесе басқа радио жабдықтарын) қолдануға тыйым салатын барлық белгілердің нұсқамаларын орындаңыз. Жарылыс жұмыстары жүргізілетін жерлерде, сондай-ақ ықтимал кедергілерді болдырмау үшін рацияларды немесе электрондық құрылғыларды қолдануға тыйым салатын белгілер орнатылған жерлерде ұялы телефонды немесе сымсыз құрылғыны өшіріңіз.
- Ұялы телефонды ауруханалардың ота жасау бөлімдерінде, жедел жәрдем пункттерінде және қарқынды терапия бөлімшелерінде қолданбаңыз. Ауруханаларда және медициналық орталықтарда барлық ережелерді және нормаларды сақтаңыз. Егер сіз жеке медициналық құрылғыны қолдансаңыз, телефон құрылғыңыздың жұмысына кедергі келтірмейтінін анықтап алу үшін дәрігермен және өнім өндірушісімен кеңесіңіз. Кардиостимулятордың жұмысына кедергі келтірмеу үшін әрдайым оның және ұялы телефонның арасында кем дегенде 15 см қашықтықты сақтаңыз. Ол үшін телефонды құлаққа, кардиостимулятордың орналасқан жағына қарама-қарсы жақтағы құлаққа қойыңыз, оны төс қалтаға салмаңыз. Медициналық жабдықтың жұмысына кедергі келтірмеу үшін телефонды есту аппараттарының, кохлеарлық импланттардың және басқа ұқсас құрылғылардың жанында қолданбаңыз.
- Ұшақта қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз және қажет болған жағдайда телефонды өшіріп қойыңыз.
- Көлік жүргізу кезінде телефонды жол қозғалысының тиісті заңдарына және ережелеріне сәйкес қолданыңыз.
- Найзағай соғудың алдын алу үшін телефонды найзағай соққанда далада қолданбаңыз
- Телефонды қуаттаған кезде қоңырау шалу үшін қолданбаңыз.
- Телефонды ылғалдылығы жоғары жерлерде, мысалы, ванна бөлмесінде қолданбаңыз. Бұл электр тогының соғуына, жарақат алуға, өрттің шығуына немесе қуаттау құрылғысының зақымдануына алып келуі мүмкін.

Қауіпсіздік туралы мәлімдеме

Телефонның операциялық жүйесін бағдарламалық жасақтаманы жаңартудың кірістірілген функциясының көмегімен немесе авторландырылған сервис орталықтарында жаңартыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы басқа әдіспен жаңарту құрылғыны зақымдауы немесе деректердің жоғалуына, қауіпсіздік проблемаларына және басқа да қатерге әкелуі мүмкін.

ЕО нормалары

Радиожабдыққа арналған нормаларға сәйкестігі туралы Декларация



Осы арқылы Xiaomi Communications Co., Ltd. компаниясы бұл GSM/GPRS/EDGE/UMTS/LTE/5G NR байланыс стандарттарын және Bluetooth бен Wi-Fi функцияларын қолдайтын M2007J35G сандық ұялы телефоны 2014/53/EU радиожабдыққа қатысты директиваның негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелерге сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО-ның нормативтік талаптарына сәйкестігі туралы декларацияның толық мәтіні келесі адрес бойынша қолжетімді: www.mi.com/en/certification

Радиожилік сәуле шығару (SAR) туралы мәліметтер

Осы құрылғы халық үшін меншікті сіңіру коэффициентіне (SAR) / бақыланбайтын сәулеленуге қатысты талаптарға сәйкес келеді (бас пен дене үшін SAR шекті мәні 10 г тінге 2,0 Вт/кг тең). Жоғарыда аталған талаптар ЕО 1999/519/ЕО Кеңесінің нұсқауымен, иондамайтын сәулеленуден қорғау жөніндегі Халықаралық комиссияның нұсқауларымен, сондай-ақ 2014/53/EU (RED) радиожабдыққа қатысты директивасымен анықталған.

SAR нормаларына сәйкестігін тексеру барысында бұл құрылғы барлық сыналған жиілік ауқымдарында ең жоғары сертифицирталған қуатпен сигнал берді. Ол басқа тақап ұстаған кездегі және денеден 5 мм қашықтықтағы қалыптарда радиожилік сәуле шығаратындай орналастырылды.

Құрылғының адам денесінен 5 мм қашықтықта жұмыс істегенде өлшенген SAR мәндері негізге алынды. Радиожилік сәуле шығарудың рұқсат етілген немесе одан төменірек деңгейін қамтамасыз ету үшін осы құрылғыны денеден кем дегенде 5 мм қашықтықта қолданған жөн. Құрылғыны денеге жақын бекіту үшін белдікке арналған қысқыштарды немесе металл элементтері жоқ несессерді қолданыңыз, бұл құрылғы мен дененің арасында ең кемінде 5 мм қашықтықты қамтамасыз етеді. Құрамында металл элементтері бар дене аксессуарларын таққан кездегі радиожилік сәулелену нормаларының сәйкестігі тексерілмеген және сертифицирталмаған, сондықтан мұндай аксессуарларды тақпаған жөн.

Сертификаттау туралы мәліметтер (SAR шекті мәндері)

10 г SAR шекті рұқсатты мәні: 2,0 Вт/кг.
Бас үшін SAR мәні 0,574 Вт/кг құрайды, дене үшін — 0,996 Вт/кг (5 мм қашықтықта).

Заңды ақпарат

Осы құрылғыны ЕО-ның барлық мемлекеттерінде қолдануға болады. Құрылғыны қолдану кезінде жалпы мемлекеттік және жергілікті ережелерді сақтаңыз.

Осы құрылғы тек төменде көрсетілген елдерде 5150-5350 МГц жиілік ауқымындағы орынжайда ғана қолдануға арналған.

AT	BE	BG	HR	CY	CZ	DK	
EE	FI	FR	DE	EL	HU	IE	
IT	LV	LT	LU	MT	NL	PL	
PT	RO	SK	SI	ES	SE	UK	
IS	LI	NO	CH	TR			

2,4 ГГц жиілігін қолдану шектеулері:

Норвегия: осы тарау Нью-Олесунн орталығынан 20 км радиустағы географиялық аймаққа қатысты емес.

Қабылдау құрылғысының санаты 2

Қолданылатын қорек адаптері IEC/EN 62368-1 регламентінің 6.4.5-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Ол ұлттық немесе аймақтық стандарттарға сәйкес тексеріліп, мақұлдануы тиіс.

Жиілік ауқымдары және қуаты

Осы ұялы телефон келесідей көрсетілген жиілік ауқымдарында

тек ЕО аумағында және радиожіілік сигналдың ең жоғары деңгейінде ғана жұмыс істейді.

GSM 900: 35 дБм

GSM 1800: 32 дБм

UMTS 1/8 жиілігі: 25 дБм

LTE 1/3/7/8/20/28/38/40 жиілігі: 25,7 дБм

5G NR n1/n3/n7/n8/n20/n28/n38/n41/n77/n78 жиілігі: 26 дБм

Bluetooth: 20 дБм

2,4 ГГц жиіліктері Wi-Fi: 20 дБм

5 ГГц жиіліктері Wi-Fi: 5150 - 5250 МГц аралығында 20 дБм құрайды, 5250 - 5350 МГц

аралығында 20 дБм құрайды,

5470 - 5725 МГц аралығында 20 дБм құрайды, 5725 - 5825 МГц аралығында 14 дБм құрайды

NFC: 10 м қашықтықта 13,56 МГц < -9,99 дБмкА/м

Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия нормалары

Осы ұялы телефон Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия ережелерінің 15-бөліміне

сәйкес келеді. Оның жұмысы келесі екі шартқа сәйкес келеді: 1) осы құрылғы зиянды кедергілер тудырмауы тиіс; 2) осы құрылғы жұмыста ақаулық тудыруы мүмкін кедергілерді қоса алғанда, кез келген кедергілер жағдайында жұмыс істеуі тиіс. Осы ұялы телефон Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия ережелерінің 15-бөліміне сәйкес сыналғып, В классындағы сандық құрылғыларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Бұл талаптар тұрғын орынжайлардағы зиянды кедергілерден қисынды қорғауды қамтамасыз етеді.

Осы жабдық радиожіілік энергиясын генерациялайды, қолданады және сәулелендіре алады, сондай-ақ, егер ол нұсқаулықтарды бұза отырып орнатылса және пайдаланылса, радиобайланыс үшін зиянды кедергілер тудыруы мүмкін.

Алайда, біз белгілі бір орнату барысында кедергілер туындамайтынына кепілдік бермейміз. Егер осы жабдық теледидар мен радио сигналдарына кедергі келтірсе (бұл жабдықты өшіру және қайта қосу арқылы анықталады), пайдаланушы келесі әдістердің біреуімен немесе бірнешеуімен кедергілерді жоя алады:

- қабылдау антеннасының бағыты мен орнын өзгертіңіз;
- жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз;
- жабдықты қабылдағыш қосылған тізбектен басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз;

- сатушының немесе теле- және радиожабдық жөніндегі білікті техника маманының кеңесіне жүгініңіз.

Радиожилік сәуле шығару (SAR) туралы мәліметтер

Бұл құрылғы радиожилік сәулеленуге қойылатын мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес келеді. Құрылғы радиожилік (РЖ) энергиясын шығарудың шекті мәндерін асырмайтындай жобаланған және дайындалған. Сымсыз құрылғылар үшін сәулелену мөлшерінің стандарты ретінде сіңірудің меншікті коэффициенті (SAR) қолданылады.

Байланыс жөніндегі федералдық комиссиямен SAR-дың 1,6 Вт/кг құрайтын рұқсатты шекті мәні белгіленген. Бұл құрылғы адам денесіне тікелей жақын жерде қолдану үшін сыналды. Егер құрамында металлдар жоқ аксессуарлармен қолданылса және құрылғыны денеден кем дегенде 1,5 см қашықтықта ұстауға мүмкіндік берсе, ол радиожилік Байланыс жөніндегі федералдық комиссияның сәулеленуге қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Құрамында металл элементтері бар денеге тағылатын аксессуарлар таққан кездегі радиожилік сәуле шығару нормаларына сәйкестігі тексерілмеген және сертификатталмаған. Сондықтан мұндай аксессуарларды тақпаған жөн. Бұл телефонмен адам денесіне тікелей жақын қолданылатын кез келген аксессуар денеден кем дегенде 1,5 см қашықтықта болуы керек.

Байланыс жөніндегі Федералдық комиссияның ескертпесі

Бұйымның нормативтік талаптарға сәйкестігі үшін жауапты тараппен мақұлданбаған өзгертулер немесе түрлендірулер пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Электрондық заттаңба

Бұл құрылғыда Сертификаттау туралы мәліметі бар электрондық заттаңба бар. Оны қарап шығу үшін "Баптаулар > Телефон туралы > Сертификаттау" дегенді таңдаңыз немесе "Баптаулар" дегенді таңдап, іздеу жолына "Сертификаттау" дегенді енгізіңіз.

Модель: M2007J3SG

"2007" таңбасы өнім 2020 жылдың шілдесінен кейін нарыққа шығатынын білдіреді.

Міндеттемелерден бас тарту

Осы пайдаланушы нұсқаулығы Xiaomi компаниясымен немесе оның жергілікті үлестес компаниясымен басып шығарылған. Xiaomi компаниясы типографиялық қателерге, ағымдағы ақпараттың дәл еместігіне немесе бағдарламалар мен жабдықтардың жақсартылуына байланысты осы пайдаланушы нұсқаулығына өзгертулерді немесе түзетулерді кез келген уақытта және ескертусіз енгізе алады. Осындай өзгертулер ағымдағы пайдаланушы нұсқаулығының жаңа басылымдарына қосылатын болады (толық ақпаратты сілтеме бойынша қараңыз: <https://www.mi.com/ru/service/support/userguide.html>). Барлық суреттер тек көрсету мақсатында берілген және іс жүзіндегі құрылғыны дәл көрсетпеуі мүмкін.

Осы смартфон
Corning® Gorilla® Glass 5
қолдана отырып жасалған.

CORNING
Gorilla® Glass

Өндіруші: Xiaomi Communications Co., Ltd.
Өндірушінің пошта мекенжайы:
#019, 9-қабат, 6-құрылыс, Си'эрци орталық өтпе жолы,
33-үй, Хайдянь ауданы, Бейжің, Қытай, 100085
Бренд: MI Модель: M2007J3SG
© Xiaomi Inc. Барлық құқықтар қорғалған.

